



БҰЙРЫҚ

01.07.2025 № 01-07/56

Алматы қаласы

ПРИКАЗ

город Алматы

**2025 жылға арналған сыбайлас
жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау
жүргізу жоспары мен кестесін бекіту туралы**

2015 жылдың 18 қарашадағы Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. «Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК 2025 жылға арналған сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу Жоспары бекітілсін (қосымша №1).
2. Сыбайлас жемқорлықтың тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізу кестесі (қосымша №2).
3. Кәсіпорын қызметкерлері Жоспар мен кестемен таныстырылсын (А.Тоқабаев).
4. Кәсіпорынның интернет-ресурсында бекітілген Жоспар мен кесте орналастырылсын. (Т. Омарова).
5. Бұйрық қол қойған күннен күшіне енеді және бұйрықтың орындалуын бақылауды өзіме қалдырамын.

Директор

М. Бақашева

Бұйрықпен таныстық

А. Тоқабаев

Т. Омарова

Қазақстан Республикасы туризм және спорт министрлігі
Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің
«Допингке қарсы ұлттық орталық» республикалық мемлекеттік қазыналық
кәсіпорынның 2025 жылдың сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне
ішкі талдау

I. ҰЙЫМ ТУРАЛЫ ЖАЛПЫ АҚПАРАТ

- **Ұйымдық-құқықтық нысаны және меншік түрі:**
жедел басқару құқығындағы мемлекеттік кәсіпорын
- **Жарғылық қызмет түрлері:**

Кәсіпорын өз қызметін 2009 жылғы 7 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңымен ратификацияланған Спорттағы допингке қарсы күрес туралы ЮНЕСКО-ның Халықаралық Конвенциясы және Қазақстан Республикасының басқа да нормативтік-құқықтық актілерінің шеңберінде жүзеге асырады.

Қойылған мақсатты іске асыру үшін кәсіпорын мынадай қызмет түрлерін жүзеге асырады:

1) Халықаралық Олимпиада комитетінің (*бұдан әрі – ХОК*), Дүниежүзілік допингке қарсы агенттіктің (*бұдан әрі – ДДҚА*), халықаралық федерациялардың талаптарына сәйкес допингке қарсы қызметті ұйымдастыру;

2) спортшылар мен спорттық резерв арасында допинг бақылау жүйесін ұйымдастыру;

3) спортта допингті қолданумен күресу және допингті пайдаланудың алдын алу саласында спортшылардың, спорт дәрігерлерінің, жаттықтырушы-оқытушы құрамның және спортшылар қызметкерлерінің білім деңгейін арттыру мақсатында допингке қарсы білім беру және тәрбиелеу бағдарламаларын жоспарлау және жүзеге асыру;

4) спорттағы допингпен күресудің әртүрлі мәселелері бойынша спортшылармен, спорт дәрігерлерімен, жаттықтырушылармен және спортшылар қызметкерлерімен жеке консультациялық жұмыс ұйымдастыру;

5) Спортшылардың оң нәтиже көрсеткен сынақтарының нәтижелерін қарау жөніндегі комитеттің, Апелляциялық комитеттің, Тыйым салынған субстанциялар мен әдістерді терапевтік пайдалану жөніндегі комитеттің жұмысын ұйымдастыру және қамтамасыз ету;

6) допингке қарсы ережелерді бұзатын спортшыларға қатысты әділ және негізделген шешім шығару жүйесін әзірлеу және енгізу. Апелляцияларды беру және қарау ережелерін анықтау. Апелляциялар беру және тыңдау барысында спортшының құқығын қорғауды қамтамасыз ету, спортшының тікелей спорттық арбитраждың сотына апелляция беру құқығын қамтамасыз ету;

7) спортшыларды ұлттық тіркелетін тестілеу пулына енгізу критерийлерін әзірлеу және спортшыларды тестілеудің тіркелетін пулын қалыптастыру;

8) допингке қарсы тестілеуді жоспарлау. Қазақстан Республикасы мен шет елдерде жарыс және жарыстан тыс спортшыларды допингке тестілеуді өткізуді ұйымдастыру, допинг-сынақтарды ДДҚА-мен аккредиттелген допингке қарсы зертханаларға тасымалдау;

9) спорт түрлері бойынша федерациялармен допингті қолдануды жою бойынша өзара тығыз әрекет жасау және оларды ДДҚА-мен аккредиттелген допингке қарсы зертханалардың допинг-сынақтарды зерттеудің нәтижелері туралы хабардар ету мақсатында жұмыс ұйымдастыру;

10) допингке қарсы жұмыстың барлық мәселелері бойынша халықаралық допингке қарсы ұйымдармен ынтымақтасу және Орталық Азияның Өңірлік допингке қарсы ұйымымен, Ұлттық допингке қарсы ұйымдармен, Халықаралық спорттық федерациялармен және ДДҚА-мен тестілеулерді жүргізу бойынша өз қызметін үйлестіру;

11) Қазақстан Республикасында және шет елде допинг бақылауды жүргізетін мамандардың допингке қарсы жұмыс мәселелері бойынша кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере

отырып, оларды оқытуды, біліктілігін арттыруды, кәсіби қайта оқытуды, аттестаттауды және қайта аттестаттауды ұйымдастыру;

12) Қазақстан Республикасында және шет елде спортта допингпен күресуге арналған семинарлар, конференциялар, конгресстер, жиналыстар жұмысына қатысу және допинг бақылауды жүргізетін мамандардың біліктілігін арттыру мақсатында шет елде тағылымдамадан өту;

13) адамның жұмысқа қабілеттілігін, функционалдық мүмкіндіктерін арттыру және спортта допингтің қолданылуына қарсы іс-әрекет мәселелерін зерттеуге бағытталған спорт саласындағы ғылыми-зерттеу жұмыстарды жүргізу;

14) тыйым салған субстанцияларды анықтау мақсатында спортта қолданылатын фармацевтикалық препараттарға, биологиялық белсенді қоспаларға, спорттық тамақтану өнімдеріне және спортта қолданылатын басқа құралдарға допингке қарсы бақылауды ұйымдастыру;

15) спортта қолдануға рұқсат берілген фармацевтикалық препараттарды, биологиялық белсенді қоспаларды, спорттық тамақтану өнімдерін және ДДҚАмен зтыйым салынған заттары жоқ спортта қолданатын басқа да құралдарды, спортшыларды даярлауды тәжірибе ретінде енгізуге жәрдемдесу;

16) жаттықтырушылардың, спорттық дәрігерлердің, спортты ұйымдастырушылардың кәсіби қызметінің ерекшелігін ескере отырып, допингке қарсы бағдарламаның өзекті мәселелері бойынша оқытуды мен біліктілігін арттыруды ұйымдастыру және осы тақырыпта ақпараттық материалдарды әзірлеуге қатысу;

17) спортшылар туралы деректер базасын жүргізу;

18) Допингке қарсы ұлттық орталықтың қызметі туралы барлық мүдделі тараптарды хабардар ету;

19) спортта допингті қолдануды болдырмау және онымен күрес саласында ақпараттық қызметтер көрсету;

20) шетелдік мамандар мен сарапшыларды тарта отырып, допингті қолданумен күрес мәселелері бойынша республикалық және халықаралық ғылыми-тәжірибеліе конференцияларға, семинарларға қатысу және өткізу.

• **Ұйымның жалпы штат саны (штаттық бірліктерінің саны), бос бірліктердің саны:**

Кәсіпорынның жалпы штат саны – 23 адам.

Бос орындар – директордың орынбасары және жүргізуші лауазымдары.

• **Материалдық-техникалық база: ұйымның негізгі құралдары (ғимараттар, құрылыстар, қызметтік тұрғын үй, жатақханалар, жеке көлік және т. б.):**

Кәсіпорынның негізгі құралдары – қызметтік автокөлік.

II. МЕНЕДЖМЕНТ ЖҮЙЕСІ

• **Кәсіпорында қолданылатын бағдарламалар:**

«1:С Предприятие» бухгалтерлік есеп жүргізу үшін;

«Doculite» – іс жүргізу бойынша деректермен алмасу.

«E-Otinish» - мемлекеттік органдарға азаматтардың электрондық өтініштерін беру үшін.

ұйымның бірінші басшысынан қызметтің барлық бағыттары бойынша бөлімшелерге/Орындаушы лауазымды тұлғаларға дейінгі басқарудың иерархиялық схемасы:

Кәсіпорынды директор басқарады, ол болмаған жағдайда – директордың міндетін атқарушы.

• **ұйымда шешімдерді қабылдау деңгейлері:**

Түпкілікті шешімдерді директор мәселені орындаушымен алдын ала талқылай отырып қабылдайды. Сондай-ақ, шешімдер кәсіпорында құрылған комиссияның (бюджеттік, тәртіптік, мемлекеттік сатып алу бойынша, экономикалық кеңес) отырыстарында қабылданады.

- **шешімдер қабылдаудың қолданыстағы рәсімдері, оларды мүдделі тұлғаларға жеткізу тәсілдері, шағымдану/қайта қарау мүмкіндіктері:**

Шешімдер тиісті Комиссия отырысында ашық дауыс беру жолымен қабылданады.

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөніндегі комиссия отырысының қорытындылары веб-порталда орналастырылады.

- **алқалы органдар, олардың құзыреті, отырыстардың кезеңділігі, жедел және стратегиялық сипаттағы қабылданатын шешімдердің орташа саны (жылына):**

- 1) экономикалық кеңес әлеуметтік-экономикалық даму мәселелері бойынша негізделген шешімдер әзірлеу үшін құрылған.
- 2) Бюджеттік комиссия жоспарлы кезеңге арналған бюджет жобасын уақтылы және сапалы әзірлеуді және кәсіпорын бюджетін нақтылау мен атқару жөнінде ұсыныстар әзірлеуді қамтамасыз етеді.
- 3) тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алуды жүргізу жөніндегі Комиссия қажетті тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді сатып алуды жүзеге асыруға құқылы.
- 4) қабылданатын шешімдердің орташа саны – 5-тен 10-ға дейін.
- 5) тәртіптік комиссия Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасына сәйкес қызметкерлерді тәртіптік жауапкершілікке тарту туралы шешім қабылдау үшін құрылған. Есепті кезеңде қызметкерлерді тәртіптік бұзушылық үшін тарту жағдайлары болған жоқ.

- **жеке шешім қабылдау субъектілері (лауазымды тұлғалар), олардың құзыреті, жедел және стратегиялық сипаттағы қабылданатын шешімдердің орташа саны (жылына):**
Кәсіпорын директоры.

- **ұйымда әрекет ететін алқалы органдар мен жеке шешім қабылдау субъектілері арасында өкілеттіктерді бөлу принциптері:**

Комиссия мен кеңестердің мүшелерінің міндеттері тиісті ережелерде көрсетілген.

- **қызметкерлерді қабылдау және оларды ілгерілетудің қолданыстағы рәсімдері, лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары:**

Уәкілетті органның 04.09.2020ж. №213 бұйрығына сәйкес кәсіпорынның директоры және бас бухгалтері лауазымдары конкурстық негізде жұмысқа алынатын азаматтық қызметшілер тізбесіне енгізілді.

Кәсіпорында басқа бос лауазымдар пайда болған жағдайда рәсім ҚР Еңбек кодексінің 139-бабының 1, 2-тармақтарына сәйкес жүзеге асырылады. Жұмыс туралы хабарландырулар кәсіпорынның веб сайтында және www.enbek.kz порталында орналастырылады

Лауазымдарға қойылатын біліктілік талаптары "Дене шынықтыру және спорт ұйымдары басшылары, мамандары лауазымдарының үлгілік біліктілік сипаттамаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 29.06.2016ж. №191 бұйрығында көрсетілген.

- **сыйлықақы беру, көтермелеу және кадрларға тәртіптік ықпал ету жүйесі.**

Сыйлықақы жүйесі уәкілетті органның мақұлдауын және кәсіпорын директорының бұйрығымен құрылған Экономикалық кеңес мүшелерінің отырысын қамтиды. Сыйлықақы беру, көтермелеу «Азаматтық қызметшілерге, мемлекеттік бюджет қаражаты есебінен ұсталатын ұйымдардың қызметкерлеріне, қазыналық кәсіпорындардың қызметкерлеріне еңбекақы төлеу

жүйесі туралы» Қазақстан Республикасы Үкіметінің 31.12.2015ж. №1193 Қаулысына сәйкес жүзеге асырылады.

Қызметкерлерге тәртіптік жаза қолдану тәртібі еңбек заңнамасын сақтай отырып, тәртіптік комиссияда теріс қылықты қарауды көздейді.

- **деректердің ашықтық жүйесі**
Кәсіпорын бюджеті, мемлекеттік сатып алу жоспарлары, директордың кірістері туралы декларациясы, бос жұмыс орындар туралы және т. б. жөніндегі барлық ақпарат кәсіпорынның www.kaznadc.kz веб-порталында орналастырылады

III. БЮДЖЕТ ЖӘНЕ ҚАРЖЫЛАНДЫРУ

- 2025 жылға мемлекеттік қаржыландыру – 519 383 000 теңге.

Еңбекақы төлеу қоры:

- бюджеттің кіріс бөлігін қалыптастырудың негізгі баптары: мемлекеттік қаржыландыру;
- бюджеттің шығыс бөлігінің негізгі баптары: әкімшілік-басқарушылық, әкімшілік және көмекші персоналдың еңбегіне ақы төлеу қоры (көрсетілген топтарды бөліп алғанда);
- басқару персонал – 20 132,00 мың теңге,
- негізгі персонал – 53 840,00 мың теңге,
- әкімшілік персонал – 10 760,00 мың теңге,
- көмекші персонал – 3 208,00 мың теңге.

• бюджетті қайта қарау кезеңділігі, бюджет қаражатын (*кірістерін*) әртүрлі құрылымдық бөлімшелер арасында қайта бөлудің орташа жиілігі мен рәсімі; бюджет қаражатын (*шығыстарын*) бюджеттің әртүрлі баптары арасында қайта бөлудің орташа жиілігі мен рәсімі;

Бюджет қаражатын әртүрлі құрылымдық бөлімшелер арасында қайта бөлу жоқ.

- **соңғы үш жылдағы бюджетті игерудің орташа пайызы (әр жылды бөліп алғанда); бюджет қаражатын үнемдеу/артық жұмсау пайызы;**

Соңғы үш жылда бюджет 100% игерілген.

2024 – 100%

2023 – 100%,

2022 – 100%.

Бюджет қаражатын артық жұмсау жоқ.

- **бюджетті қалыптастырудың қолданыстағы рәсімі;**

Кәсіпорынның бюджеті уәкілетті органға бюджеттік өтінім беру арқылы қалыптастырылады.

- **ұйымдарда қолданылатын бөтен ұйымдардың тауарларын, жұмыстары мен қызметтерін жоспарлау және сатып алу рәсімдері;**

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ашық конкурстар өткізу және баға ұсыныстарын сұрау жолымен жүзеге асырылады. Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша өткізілетін әрбір конкурсқа жеке комиссия құрылады, жалпы сомасы 307 556,00 мың теңгеге 50 мемлекеттік сатып алу шарттары, соның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жалпы сомасы 2 318,00 мың теңгеге 22 шарт;

- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 4 584,4 мың теңгеге 11 шарт жасалды;
 - ашық конкурс тәсілімен жалпы сомасы 75 431,4 мың теңгеге 4 шарт жасалды;
 - тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 7 138 603,6 мың теңгеге 8 шарт жасалды.
 - электронды дүкен – 2 келісім шарт жалпы сомасы 1 198,3 мың теңге.
 - Бір көзден алу тәсілімен шетелдік келісім шарттар - 3 келісім-шарт жалпы сомасы 218 960,1 мың теңге.
- жоспардан тыс сатып алуды өткізудің орташа жиілігі мен кезеңділігі; оларды өткізуге жұмсалатын ұйым бюджетінің пайызы.
- Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді жоспардан тыс сатып алу жоспарланбаған, тек ағымдағы қаржы кезеңінде қаражат үнемделген жағдайда ғана жол беріледі.

IV. ТАЛАП-АРЫЗ ҚЫЗМЕТІ

2025 жылы мемлекеттік сатып алу бойынша 1 талап арыз болды.

V. ЖЕКЕ ЖӘНЕ ЗАҢДЫ ТҰЛҒАЛАРДЫҢ ӨТІНІШТЕРІ

Есепті кезеңде жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түскен жоқ. Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері 29.06.2020ж. ҚР Әкімшілік рәсімдік-процестік кодекске сәйкес қаралады.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері "Е-Өтініш" платформасында тіркеледі.

Талдау нәтижелері бойынша Орталық қызметкерлері тарапынан сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасауға ықпал еткен әрекеттер анықталған жоқ.

Орталық қызметкерлеріне қатысты жағымсыз материалдарды анықтау бойынша мониторинг жүргізілді. Есепті кезеңде мұндай материалдар анықталған жоқ.

Прокурорлық қадағалау актілері түскен жоқ.

«Допингке қарсы ұлттық орталық» РМҚК
директоры



М.Бакашева

орынд. Тоқабаев А.Қ.
тел: +7 747 330 37 36

2025 жылдың сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау нәтижелері бойынша талдамалық анықтама

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 18 қарашадағы №410-V Заңын орындау мақсатында Қазақстан Республикасы Туризм және спорт министрлігі Спорт және дене шынықтыру істері комитетінің "Допингке қарсы ұлттық орталық" РМҚК (бұдан әрі – ДҚҰО) сыбайлас жемқорлық тәуекелдеріне ішкі талдау жүргізілді.

ДҚҰО-та жұмыс тобымен (бұдан әрі – жұмыс тобы) сыбайлас жемқорлық тәуекелдерін ішкі талдау комплаенс - офицер А.Тоқабаев атынан жүргізілді.

Талданатын кезең: 2025 жыл.

Персоналды басқарудағы сыбайлас жемқорлық тәуекелдері, оның ішінде кадрлардың ауысуы:

1. 2025 жылдың 6 айында ДҚҰО қызметкерлерінің саны 23 бірлік.
2. 2025 жылы 1 қызметкер жұмысқа қабылданды.
3. ДҚҰО—қа жұмысқа қабылдау ҚР Еңбек кодексіне сәйкес жүргізіледі.
4. Кәсіпорын қызметкерлері атқаратын лауазымына қойылатын біліктілік талаптарына сәйкес келеді, соттылығы бар немесе жоқтығы туралы анықтамалар ДҚҰ-н қызметкерлерімен уақтылы ұсынылған. Сыбайлас жемқорлық бойынша жауапкершілікке тартылған қызметкерлер болған жоқ.
5. Қызметкерлерді аттестаттау Қазақстан Республикасы Мәдениет және спорт министрінің 2016 жылғы 10 маусымдағы №157 бұйрығына сәйкес жүргізіледі. Аттестаттаудан азаматтық қызметте болғаннан әрбір келесі үш жыл сайын, бірақ лауазымға орналасқан күннен алты айдан ерте емес өткізіледі.
6. Директордың жақын туыстарын жұмысқа қабылдау фактілері анықталған жоқ.
7. ДҚҰО-та еңбек дауларын қарау үшін келісім комиссиясы құрылған.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимылды ұйымдастырушылық-нормативтік қамтамасыз ету:

жыл бойы сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы қолданыстағы нормативтік - құқықтық базаның өзгерістеріне мониторинг жүргізілді;
ДҚҰО заңгері сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласындағы заңнамалық базадағы өзгерістер туралы уақтылы хабарлайды.

Қызметкерлермен жұмыс:

- мемлекеттегі сыбайлас жемқорлық проблемасын, сыбайлас жемқорлық көріністері үшін жауапкершілікті зерделеу жүргізілөп отырады;
- сыбайлас жемқорлыққа қарсы тәрбие беру, сыбайлас жемқорлыққа қарсы дүниетанымды қалыптастыру, қызметкерлердің құқықтық санасы мен құқықтық мәдениетінің деңгейін арттыру іске асырылуда;
- құқықтық оқыту бойынша қызметкерлермен жоспарлы жиналыстар өткізілген.

Мемлекеттік сатып алулар:

Тауарларды, жұмыстар мен көрсетілетін қызметтерді мемлекеттік сатып алу ашық конкурстар өткізу және баға ұсыныстарын сұрау жолымен жүзеге асырылады. Кәсіпорында тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді сатып алу бойынша өткізілетін әрбір конкурсқа жеке комиссия құрылады, жалпы сомасы 307 556,00 мың теңгеге 50 мемлекеттік сатып алу шарттары, соның ішінде:

- баға ұсыныстарын сұрау тәсілімен жалпы сомасы 2 318,00 мың теңгеге 22 шарт;

- өткізілмеген сатып алулар бойынша бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 4 584,4 мың теңгеге 11 шарт жасалды;
- ашық конкурс тәсілімен жалпы сомасы 75 431,4 мың теңгеге 4 шарт жасалды;
- тікелей шарт жасасу арқылы бір көзден алу тәсілімен жалпы сомасы 7 138 603,6 мың теңгеге 8 шарт жасалды.
- электронды дүкен – 2 келісім шарт жалпы сомасы 1 198,3 мың теңге.
- Бір көзден алу тәсілімен шетелдік келісім шарттар - 3 келісім-шарт жалпы сомасы 218 960,1 мың теңге.

Қаржы бөлімі (бухгалтер):

Есеп берулер тізімі:

1. Жалақының құрылымы мен бөлінуі туралы есеп.
2. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім туралы есеп.
3. Отын-энергия балансы.
4. Еңбек бойынша есеп.
5. Білім беру ұйымының көрсетілген қызметтердің көлемі туралы есебі.
6. Ірі және орта кәсіпорындардың кадрлар саны мен кадрларға қажеттілігі туралы есеп.
7. Еңбек қызметіне байланысты жарақаттар және кәсіптік аурулар туралы есеп.
8. ЖТС мен әлеуметтік салық туралы декларация.
9. Активтерді, оның ішінде үй-жайлар мен автомобильдерді түгендеу.

Жеке және заңды тұлғалардың өтініштері:

2025 жылдың қызметкерлер мен азаматтардан өтініштер мен шағымдар түскен жоқ.

Ұсыныстар:

Келісім комиссиясының барлық мүшелері жыл сайын Қазақстан Республикасының еңбек заңнамасын қолдану, келіссөздер жүргізу дағдыларын дамыту және еңбек дауларында консенсусқа қол жеткізу бойынша оқытудан өтуі тиіс.

Пайда болған бос жұмыс орындары 3 жұмыс күні ішінде enbek.kz сайтында жариялануы тиіс.

Қолданыстағы барлық еңбек шарттар, қосымша келісімдер enbek.kz сайтына енгізілуі тиіс.

Комплаенс-офицер
Токабаев А.К.



Таныстым _____ директор Башева М.К.

